

Кенес Оразбекұлы

**ГҮЛМІНЕЗДІҢ
ГҮЛДЕРІ**



Кеңес Оразбекұлы Гүлмінездің гүлдері

http://www.litres.ru/pages/biblio_book/?art=55851229

ISBN 9785449898593

Аннотация

Қайран, шіркін, балалық, (Келер ме еді оралып). Тал бойыңа сіңіпті, Ана сүтпен таралып: Риясыз аңғалдық, Кіршіксіз адалдық, Күлкі қыстар шалалық, Білім құштар даналық, Балалардың жоғарыда аталған мінез-қасиеттері осы әңгімелер жинағында толығымен көрініс тапқан. Ұстаздар мен тәрбиешілерге қосымша оқу құралы ретінде пайдалануға өте ыңғайлы.

Содержание

ГҮЛМІНЕЗДІҢ ГҮЛДЕРІ	6
МҰХАМЕДЖАННЫҢ МҰРАТЫ	8
СЫНҒАН ТАЯҚША	8
ЖОЛ АЙРЫҚТА	10
ОҚУ ОРНЫНЫҢ ТАБАЛДЫРЫҒЫНДА	12
ҰЛЫЛЫҚ – КІШПЕЙІЛДІКТЕ	16
СЕГІЗ ЖАСТЫҚ	16
«ҚОНАЕВТЫҢ АРҒЫМАҒЫ»	17
ЕРЕКШЕ БАЛА	19
ГҮЛМІНЕЗДІҢ ГҮЛДЕРІ	23
ҚАМҚОРШЫ	23
ҚҰШТАРЛЫҚ	26
ҮЗІЛГЕН ГҮЛ	29
ӘСЕР	32
ЖАЙЛАУ ТАҢЫ ЖЫР ТӨГЕР	36
ГҮЛМІНЕЗДІҢ КҮЛКІСІ	41
ҰРЫСЫП ЖАТЫР	41
СУДЫ ШАШЫП	41
ҚОЙ ДЕГЕНДЕ...	41
ВАФЛИ	42
ШАЙ ПІСІП...	43
ОЙНАП ЖҮРІП	43
КІМ БОЯП БЕРГЕН?	43

ЖАҢА ЖЫЛ ҚАРСАҢЫНДА	43
МАҢДАЙШАДАҒЫ ЖАЛАУ	44
ДОКТОР БОЛСАМ...	44
АШЫЛҒАН КӨРПЕ	44
ЭЛЕКТР ПЕШТИҢ ЖАРҚЫЛЫ	45
САҒАТ ӘЙНЕГІ	45
«МҰРНЫ ҰЗЫН МАШИНА»	45
ТІСІ ЖОҚ	45
АРАША СҰРАҒАНДА	46
БАҚША ІШІНДЕ	46
СУРЕТТІ ҚАЙДА ТҮСТІҢДЕР?	46
ЖЕКЕМЕНШІК ТАРАҚАН	47
Тұмауратқанда	47
МЕКТЕПКЕ БАРСАМ	47
Конец ознакомительного фрагмента.	48

Гүлмінездің гүлдері

Кеңес Оразбекұлы

Иллюстратор Олимпиада Грачева

Редактор Жақсылық Кенжалиев

© Кеңес Оразбекұлы, 2020

© Олимпиада Грачева, иллюстрации, 2020

ISBN 978-5-4498-9859-3

Создано в интеллектуальной издательской системе Ridero

ГҮЛМІНЕЗДІҢ ГҮЛДЕРІ (әңгімелер мен этюдтер, санамақтар жинағы)

Редакторы: Жақсылық Кенжалиев.

Суретшісі: Олимпиада Грачева.

Балалар жазушысы Кеңес Оразбекұлы – әңгіме, ертегілері оқулық, хрестоматия-ларға еніп, оқырмандарына кең танылып қалған қаламгер. Оған қоса оның «Ертегі туралы ертегі», «Иол – мәңгілік ағашы», «Тұран баһадүрлері немесе Ер, Би, Нұр-дың ерлік жорықтары», «Наурыз көже», Оңтүстік Кореяда төрт тілде (қазақ, орыс, корей, ағылшын) шыққан «Жыл басы қалай анықталды?», «Жерұйық іздеген Кірпі мен Қосаяқ», Ресейдің «Ридеро», «Литрес», «Озон», «Амазон» және т. б. интернет-дүкендерінде екі тілде (қазақ, орыс) сатылымға шыққан «Жарғақбас, Кылкеңірдек, Шибұттың шым-шытырық хикаялары», «Таң нұрындай Таңсұлу», «Қазақтың алпыс батыры», екі кітаптан тұратын «Қанатты сөз – қазына», «Жылыңды білесің бе?» және тағы басқа кітаптары да оқырмандарының қызығушылығын оятып, ыстық ықыластарына бөленді. Енді міне, бұл жолы «Гүлмінездің гүлдері» атты әңгімелер мен этюдтер жинағын ұсынып отыр. Қаламгердің бұл жинағы да оқырмандарының сондай ілтипатына

бөленеріне сенімдіміз.

МҰХАМЕДЖАННЫҢ МҰРАТЫ

(Мұхамеджан Тынышбаевтың рухына арнаймын)

СЫНҒАН ТАЯҚША

Үзіліс уақыты. Сынып ішінде Мұхамеджан – жалғыз. Ол тақта үстіне ілінген Ресей империясының саяси-әкімшілік картасының алдында тұр. Қолында – басы үшкір ұзын таяқша. Таяқшаның ұшын карта бетіне жүгіртіп, қазақ елінің аумағын ойша белгілейді. Өйткені картада оның шекарасы атымен жоқ. Тек Ресейдің губерниялары мен уездерінің шекара сызықтары ғана. Еділ, Жайық, Торғай, Сары-арқа, Алтай,

Жетісу, Түркістан, Сырдария, Арал... Бұл өңірлердің бәрінде қазақтар мекендейді. Ендеше бұл өлкелер – қазақ жері. «Шіркін! Осы өлкелердің басын қосып, қазақтың өз мемлекетін құрар ма еді. Ол үшін мына кең-байтақ жерді Ресейдегідей игеріп, қалалар салып, өндіріс орындарын ашып, астана – орталығын орнатса. Астанаға қай қала лайық? Осы Верный қаласы қолайлы болар. Онда мына өлке-лердің бәрін Жетісумен байланыстыратындай етіп жолдар салуды қолға алған жөн. Өйткені, адамның он екі мүшесін басқару үшін жүрекке қан тамырлары қандай маңызды болса, мемлекет үшін де жол қатынасы сондай маңызды. Иә, иә,

мемлекет құру үшін ең алдымен жолдар қажет. Сонда ғана қазақ елін тәуелсіздікке жеткізе аласың. Ендеше жол құрылысын салудың ғылымын меңгеруге ұмтылу керек...»

Мұхамеджанның қалың ойға беріліп, шабыттанғаны сондай, айна-ласын түгел ұмытып, еріндерін тістеп тұрып шалт қимыл жасағанын аңғармай қалды. Қолындағы таяқша «сарт» етіп қақ бөлінгенде ғана есін жиды. Оң жақ бүйірінде Асқар мен Сергей тұр екен.

– Мұхамеджан, саған не болды?! – деді Асқар таңданып.

– Жәй, әншейін, – деді де, Мұхамеджан қолындағы сынық таяқшаны үстел үстіне қалдырып, орындығына беттеді.

Шәкірттерінің ең соңынан кірген Михайл Васильевич жаңағы сын-ған таяқшаны үстел жанына жақындағанда ғана байқады. Түсі бұзы-лыққы суық жанарымен сынып ішін шолып:

– Бұны кім сындырды?! – деп жеки сұрады. Шәкірттер тым-тырыс отырған күйі көздерімен жер шұқыған. Ол қырағы жанарымен шәкірттерін бір барлап өтті.

– Мен – деді бір кезде шыдамай кеткен Мұхамеджан орнынан тұрып. Михаил Васильевич тәртіп, оқу жағынан ең үлгілі, сүйікті шәкіртіне таңырқай қарады. Мұндай оғаш қылықты басқа-басқа, Мұхамед-жаннан күтпеген.

– Неге сындырдың? – деді даусын жұмсартып.

– Ой үстінде тұрып байқамай...

Мұхамеджанның бұл сөзіне курстастары ду күліп жіберді. Михаил Васильевич те езу тарта жымыып, артынша басын

шайқап:

– Ендеше келесіде ойға берілгенде, қолыңа еш нәрсе ұстай көрме, қымбаттым.

Курстастары тағы да күлкіге кенеліп, сынып ішінде бір түрлі жай-машуақ жылылық орнады.

ЖОЛ АЙРЫҚТА

Гимназия шәкірттерінің жан-жаққа түлей ұшар сәті де жетті. Гим-назия директоры Вахрущевтың кабинетінен Мұхамеджанның көңілі өсіп шықты. Есік алдында курстасы Асқарға жолығып қалды.

Ол Мұхамеджанды көргеннен, екі езуі құлағына жете ыр-жия күліп келіп, қолын қатты қысты.

– Мұхамеджан, естіп жатырмыз. Педагогикалық кеңес сені барлық жағынан үздік деп бағалап, алтын медальға ұсыныпты ғой. Құтты болсын!

– Айтсын, рақмет. Өзіңнің де дипломың құтты болсын!

– Рақмет. Айтпақшы, педагогикалық кеңес сені Жетісу губернато-рының кеңесіне тілмаштық қызметке ұсынып жатқан көрінеді ғой. Сол рас па?

– Иә, рас, – деді Мұхамеджан. – Бірақ мен ол қызметтен бас тарт-тым.

– Не дейсің?! – деді Асқар Мұхамеджанның иығынан тар-тып тоқ-татып. – Өзге жұрттың мұндай мәртебелі қызметке қолы жетпей дің-кесі құрып жүргенде, сенің мұның не? Есің

бүтін бе?

– Есім бүтін, – деді Мұхамеджан жымыып. – Директордың қабыл-дауында болып, оқуды жалғастырмақ ойым бар екенін айтып шық-тым.

– Қандай оқуды?

– Петербургтегі жол құрылысы инженерлерін дайындайтын инсти-тутқа түсуге жиналып жүрмін.

– Ой, бұл мамандық қазаққа қол емес қой. Ең болмаса сот, мұға-лім, не дәрігерлікті таңдамадың ба?

– Ондай мамандықты таңдаған қазақтар менсіз де жеткілікті. Ал жол құрылысы инженері – еліміздегі ділгір мамандық қой. Өстіп әр саладан мамандана берсек, еліміздің ертеңі үшін маңызды емес пе.

– Әй, Мұхамеджан-ай! Еліміздің ертеңіне несіне алаңдайсың? Қазаққа әр саладан маманданған мына орыстар да жетеді. Тұмсығымызды әр саққа тыға бергеннен жетісеріміз шамалы. Мал табатындай сауатымызды аштық, соның өзі олжа. Егер менің достық тілімді алсаң кеш болмай тұрғанда, сол тілмаштық қызметке қайта сұран. Ең дауасы – осы. Губернатордың алдында кеуденді керіп, алшаң басып жүргенге не жетсін! Кейін бармағыңды тістеп қалма.

Гимназияда талай жыл бірге оқып, курстас, сыйлас құрбы ретінде талай жыл интернат нанын бөлісіп жегенімен, Асқарды мұндай ман-сапқұмар, тоғышар жан деп ойламаған. Адамның шын бет-бейнесі балалық, жастық шақта онша байқалмай, ат басын тартып мінген, онды-солын та-

ни бастаған осындай азаматтық дәуренге жеткен кезде байқалады екен-ау. Сырлас, жақын болмаса да, сыйласып өскен досының өмірді осылай жеңіл-желпі бағалап, мардымсып шолақ ақыл айтқанына Мұхамеджанның ызасы келді. Бірақ, дәл осындай мерейлі сәтте дауласып, бетжыртысуды жөн көрмеді де:

– Бұл «данышпан» кеңесіңе рақмет, досым. Өйтіп өкінетін адам мен емес. Қош бол! – деп әңгімені қысқа қайырып, курстас досынан бөлініп, ұзай берді.

ОҚУ ОРНЫНЫҢ ТАБАЛДЫРЫҒЫНДА

Қабырғаларын ескі үлгідегі сүйегі ауыр, бірақ әсем өрнектелген кітап шкафтары мен сейфтері қайыстырған үлкен кабинет. Ортада «т» әрпі тәріздес етіп қойылған екі шомбал емен үстел. Басында үш адам отыр. Оның бірі – орта жастағы кең иықты, шашын жылмағай етіп артқа қайыра тараған, жалпақ бет кісі – институт ректоры. Екіншісі – жағы қушиған, көзілдірікті қасқабас қария – осы институттың аға оқытушысы әрі ғалым адам. Ал үшіншісі – институтқа талапкер ретінде құжаттарын тапсыруға келген – Мұхамеджан.

Тәрдегі алдыңғы екеуі үстелдің бір қапталындағы Мұхамеджанға сынай, әрі күдік ала қарайды. Ал Мұхамеджан болса өзін еркін ұстауға тырысып, олардың сауалына мүдірмей жауап беріп отыр. Институт ректоры алдында жатқан

құжаттарды аударыстырып, қағазда жазылған деректерді Мұхамеджан бет-жүзі арқылы анықтап алғысы келгендей, қағазға бір, Мұхамеджанға бір шұқшия қарап алды да:

– Хм-м, жігітім. Орта Азиядан. Жетісу өлкесінен келген екенсің ғой. Солай ма? – деді.

– Иә, солай.

– Қандай ұлттансың?

– Қазақпын.

– Қызық. Біздің институттың табалдырығын – Қиыр шеттегі бұ-ратана халықтың өкілі ретінде тұңғыш рет өзің басып тұрсың. Әдетте біздің техникалық институтқа ресейліктердің өзі сескеніп, келе бер-мейді. Сенің қалайша батылың барды?

– Жоғары мәртебелім. Мен Верный гимназиясының соңғы курс-тарында оқып жүрген кездің өзінде Сіз басқаратын осы мәртебелі институтқа түссем деп, алдыма үлкен мақсат қойған едім. Міне, сол мақсатым мені Сіздің алдыңызға жетелеп әкелді.

– Жарқыным, сен бұл оқу орнының техникалық екенін білесің бе? – деп сөзге қасқа бас шал араласты. – Оқу өте ауыр. Химия, физика, математика есептері, сызу макеттерінің өзі адамның миын шатастырып жібереді.

– Әрине, білемін. Сол себепті гимназия қабырғасында көп ізденіп дайындалатынымын. Кітапханалардағы әр қилы техникалық кітап-тарды зерттеп оқып, есеп, жаттығуларын шығарып, сызу өнерімен айналысатынымын.

– Мен қызмет бабымен ғылыми экспедицияларда жүріп, Орта Азия мен Түркістанды, қазақ елін көп аралағанмын. Сол себепті ол жақтың халқын, салт-дәстүрі мен шаруашылығын, адамдарының мінезі-қасиеттері мен психологиясын бір кісідей білемін деп айта аламын. Расын айтсам, қазақтардың рухани жан дүниесі өте бай. Музыка, фольклор, сөз өнері тұрғысынан қарағанда, алдыңғы қатарлы елдермен иық теңестіре алады. Мұны орыстың, батыстың ғалымдары да мойындаған. Сол себепті олар, яғни қазақтар гуманитарлық ілімді тез меңгеріп, игеріп кете алады. Бұл ақиқатты мен сондағы оқу орындарын аралағанда байқап, көз жеткізгенмін. Ал енді техникалық ілімді меңгеруге келгенде, көшпелі ұлттың өкілдерін... әй, қайдам... Көзім жетпейді. Бұл жерге адасып келген сияқтысың. Кеш болмай тұрғанда, сол гуманитарлық оқу орнының есігін қаққаның жөн. Мына үздік диплом, алтын медальмен сен ол гуманитарды жақсы меңгеріп кетесің. Оған сенімім кәміл. Сөйт, жарқыным.

Мұхамеджан қасқа бас шалдың бұл сөзіне іштей тіксініп, ұнат-пады. Бірақ сыр берген жоқ. Сөзді әріден өрбітті:

– Менің Әл Фараби, Ибн Сина, Беруни, Ұлықбек сынды ғұлама бабаларымды, мына беріде өмір сүрген Шоқан Уалихановты білетін шығарсыз?

– Әрине, білеміз.

– Міне, солар техникалық ғылымды игеріп қана қоймай, бұл ғылымды жоғары деңгейге көтеріп, іргелі жаңалықтар ашып, ілгері дамытты емес пе. Оларды қайда қоясыз?

– Олар, жарқыным, әр жүз, мың жылда бір келетін жеке тұлғалар ғой. Оларды қозғамасайшы, – деп, шал кеңк-кеңк күлген.

Мұхамеджан шалдың күліп болуын күтіп тұрды да:

– Кешіріңіз. Мен де сондай жүз жылда келіп қалған ұрпақтың бірі шығармын. Сол үшін де техникалық оқу орнына тайсалмай ұмтылып отырмын ғой, – деген. Бұл жолы екеуі де мырс-мырс етіп күліп алды.

– Болса, боларсың, бәрекелді! – деді қасқа бас шал.

– Құжаттарыңды қабылдадық, емтиханға дайындала бер, – деді институт ректоры, сол жымыған күйі Мұхамеджанға риза болғанын сездіріп.

Мұхамеджанның тұла бойын бір ыстық сезім ду етіп билеп алды. Бұл жеңіс – алғашқы күшті тосқауылды күйреткен үлкен жеңіс екенін түсінген Мұхамеджан орнынан ширақ көтеріліп, еңсесін тіктеп шығар есікке беттеді.

ҰЛЫЛЫҚ – КІШПЕЙІЛДІКТЕ

СЕГІЗ ЖАСТЫҚ

Бірде Дінмұхамед Ахметұлы ел аралайын деп жолға шығады. Орта жолда олардың машинасына бір әйел қол көтереді. Димаш ата машинасын тоқтатқызады. Оның да баратын жері Шелек болған соң, бірге алып кетеді.

Машина үйінің алдына тоқтағаны сол еді, әлгі әйел Дінмұхамед Ахметұлына:

– Үйге кіріңіз, шаңырағымнан дәм татыңыз, – деп қоймайды.

Сонда Дінмұхамед Ахметұлы:

– Жақсы онда, дәмнен үлкен емеспіз, кіріп өтейік, – дейді. Осы сөзді естігенде әйелдің қуанғаны сондай, үйіне жүгіре жөнелді.

Үйге кіргенде, әйел сегіз жастықты Қонаевтың жолына қаз-қатар тізіп қойған екен. Дінмұхамед Ахметұлы осыған таң қалып, жастықтан өте алмай дағдарып тұрғанда:

– Менің сегіз балам бар. Мына жастықтарды солар жаста нады. Сіз осы жастықтардан аттап өтіп төрге озсаңыз. Сонда мен бұл жастық-тарды сіз аттаған қасиетті жастықтар екенін елге, балаларыма айтып, мақтаныш көріп жүрер едім, – дейді. Сонда Дінмұхамед Ахметұлы:

– Жо-жоқ! Сіздің сегіз балаңыз жатқан бұл жастықтарды атта-маймын. Қайта әрқайсысын маңдайыма тигізіп, тәу етейін. Балала-рыңыз мақтаныш көріп жатсын, – деп жол тауып кетіпті.



«ҚОНАЕВТЫҢ АРҒЫМАҒЫ»

Бірде бір кеңшардың жұрты Дінмұхамед Ахметұлына ақ боз арғы-мақ сыйлайды. Әлгі аттың тұлғасының сұлулығы, сыр-сымбатының келіскендігі сондай, қарасаң көз тоймайды екен. Қонаевтың өзі де сүйсінгенін жасыра алмапты. Дегенмен ол кеңшар басшысын бір шетке шығарып тұрып:

– Мақұл, мен бұл әсем арғымақты жұрттың алдында сый ретінде қабылдап алған болайын, – депті. – Бірақ оны өзім-

мен бірге әкетпей, сіздің кеңшарыңызда қалдырып кетемін. Өйткені, өзі нағыз бәйгеге қосатын жел аяқ тұлпарға ұқсайды. Сіздер оны бәйгелерге қосы-ңыздар. Бәйгенің алдын бермей, жеңімпаз шыққан кезде: «Бұл – Қонаевтың арғымағы!» – деп айтып жүрсеңіздер, маған соның өзі жеткілікті, – деген екен.

ЕРЕКШЕ БАЛА

Алтай Едіге атасымен қыдырыстап жүріп, ауыл орталығындағы ескерткіштің тұсына келді. Сол арадағы орындыққа жайғасқаннан кейін екеуінің де назары бірден алдарындағы ескерткішке түскен. Тастан қаланған биік тұғырда – бойында бес қаруы түгел алып батыр басын көтере ұстап, қияндағы көкжиекке тігілген күйі сесті көрінеді. Батырдың оң қолы – алдаспан қылышының сабында, ал сол қолы, жанына аңшы ит сияқты ерткен қызыл жолбарыстың желкесінде. Олар сол күйлерінде елдің тыныштығын қорғап тұр ма, әлде алыс қиырдан келе жатқан жауларын көріп, соларды күтіп алуға сайланып тұр ма, белгісіз.

– Ата, – деді Алтай ескерткішке ойлана қараған күйі. – Батыр-лардың жан серігі ат болады емес пе. Мәселен, Алпамыс – Шұбар ат, Қобыланды Тайбурыл мініп жауға шапқан. Ал, мына Ескелді бабамыз аттың орнына қызыл жолбарыс мінген бе?

– Олай емес, құлыным, – деді Едіге ақсақал немересінің басынан сипап. – Ескелді де кәдімгі батырлардай ат мінген. Ал, мына қызыл жолбарыс Ескелді батырдың пірі болған. Бұл ескерткішті тұрғызған мүсінші ағалар өзге ат мінген батырлардан ерекшеленіп тұрсын деп, батырды қолдаушы пірі қызыл жолбарыспен бедерлепті ғой.

– Ата, пір дегеніміз не?

– Пір дегеніміз, балам, ерекше жағдайларда, мәселен, соғыс, не басқа түскен қиындықтарда жанынан табылып, адамды қолдап, қорғап, демеп жүретін рух иесін – пір дейді. Міне, мына Ескелді бабаң басына қиындық төнгенде, қызыл жолбарысқа сиынған.

– Сонда қызыл жолбарыс жанына келіп, оны құтқарып қалады ма?

– Жоқ, олай емес, пір дегеніміз көзге көрінбейтін рух иесі. Ол тек қолдаушысына ғана, мәселен, Ескелді батырға қызыл жолбарыс болып елестеп көрінеді. Батыр сол рухына сыйынғанда, бойына ерекше күш-құдірет дарып, қуаттанып, кез келген қиындықты жеңіп шығатындай қуатқа ие болады.

– Сонда, ата, кез келген адамның пірі бола ма?

– Кез келген адамның пірі бола бермейді. Ондай рух ерекше адамдарда ғана болады. Мәселен, кейбір арқалы батырларға, ақын-жыраулар мен өнерлі адамдарға ғана дариды. Адамдардың аңыз етіп айтуынша, ұлы ақын Жамбыл Жабаевтың, Кенен ақынның, Ағыбай, Сұраншы батырлардың, мына Ескелді бабаңның пірлері қызыл жолбарыс болған. Ал, Абылай ханның пірі – ақ бура, Қажымұқан балуанның пірі – Баба түкті Шашты Әзіз болған деседі. Өткенде біз «Алпамыс батыр» жырын оқыдық емес пе?

– Иә.

– Сонда жырдың бір жерінде былай дейтін еді ғой:

Сол уақытта батырға

Атса мылтық өтпеді,

Шапса қылыш кеспеді,
Ғайып-ерен қырық шілтен
Қолтықтап, сүйеп демеді.

Міне, көрдің бе, Алпамыстың пірі Ғайып-ерен қырық шілтен бол-ған екен...

Алтай бұл сөздерді естісе де үндеген жоқ. Ол алдындағы ескерткішке қарап тұрып, бір терең қиялдарға беріліп кеткен еді...

Алтай бүгін мектептен көңілді оралды. Үйге кіргеннен сумкасын жерге қоя сап, атасының мойнына асылды.

– Иә, бүгінгі сабақтардан «бес» алғансың ау деймін, шамасы?

– «Бес» дегенің ол күнделікті бағалар ғой. Мен бүгін қазақша күрестен Сәбит, Досан, Асқарларды жеңіп, аудандық жарысқа жолда-ма алдым! Міне, «бес» дегеніміз – осы!

– Бәрекелді, құлыным! Қажымұқан атаңдай күшті балуан бол! – деп, немересінің маңдайынан сүйді. – Ал, енді бара ғой, анаңның дайындаған тамағын тойып іш. Балуандарға қажет мол күш! – деп ұйқастырып, немересін ас үйге қарай бағыттады.

– Міне күш! – деп Алтай екі қолын көтеріп, білек бұлшық еттерін бұлтыңдатып, ас үйге қарай аяңдады.

– Ат-а! – деп Алтай таңертең тұра салып, үстелде шай ішіп отырған атасының жанына алып-ұшып жетті. – Ата, білесіз бе, мен ерекше баламын!

– Оны қайдан білдің?

– Мен бүгін түс көрдім. Түсімде жұлдызды көктен бір қанатты барыс ұшып келіп, төсегімнің басына қонды да: «Мен сенің піріңмін. Сен аудандық жарыста да жеңіп шығасың» деді. Ендеше мен ерекше бала болғаным ғой, иә?!

– Иә, – деді Едіге атасы жымыып. – Егер сенің пірің қанатты барыс болса, ерекше бала болғаның.

– Ендеше оның айтқаны айнымай келеді ғой, иә?!

– Келеді. Егер ол түсінде аян беріп, «жеңесің» десе, жеңесің.

– Ала-қа-ай!

– Дегенімен, құлным, мына кеңесімді есінде ұста: Қанатты барысың «жеңесің» десе, оның саған жігер, рух бергені. Сол жігер-рухпен қуаттанып, жаттығуынды еселейтін болсаң, міндетті түрде жеңіске жетесің.

– Онда мен қазірден бастап жаттығуға кірісемін! Ала-қа-ай! – деген күйі ол сыртқа жүгірді.

ГҮЛМІНЕЗДІҢ ГҮЛДЕРІ



ҚАМҚОРШЫ

Есікті айқара ашып, тойған қозыдай томпиған кішкене қыз кірді. Бұл – бақшадан қайтқан Гүлмінез. Қолында тығыншықтай, қап-қара күшік бар. Оны еденге қоя берді. Өзі есікті жауып, ақ мамықпен көм-керілген қоңыр пальтосының түймелерін ағытты. Киім ілгішке бойын созып іліп жатып:

– Анашым, ау анашым, – деп еді, асхана жақтан «Ә,

не дейсің?» деген дауыс естілді.

– Мұнда келші. Мен әдемі күшік тауып алдым. Өзі әбден тоңыпты. Қарны да аш болу керек, сүт бар ма?

Асханадан шыққан шешесі күшікті көрген замат:

– Е-ей, Гүлмінез-ай, – деді әбіржіп. – Оны қайдан алдың? Ада-сып жүрген біреудікі де. Апарып таста.

Гүлмінез күшікке ара түсті:

– Бұның иесі жоқ, анашым. Көшенің ортасында, әркімге бір аландап, бүрі-сі-іп тұр. Дірілдеп, көзі мөлдіреп, жалынышты қарайды. Қыңсылап-қыңсылап қояды. Маған адамдардан шеккен зәрібін айтып жатқандай сезілді. Аяп кеттім, Алайықшы?

Шешесі қызына мейірлене қарады:

– Бұл бәлең дүниеге келмей жатып, қандай зорлық көріпті?

Гүлмінез бота көздерін мөлдірете:

– «Бәрін сендер бүлдірдіңдер. Мені анамнан айырдыңдар. Суыққа тоңдырып, аштан-аш далаға тастадыңдар. Обал – дегенді білесіңдер ме? Әуф-әуф!» дейді.

Күшік бойы жылынған соң ба, Гүлмінездің сөзіне пысқырып та қа-рамай, талтаң-талтаң басып бөлменің ішін қыдыра бастады.

Шешесі қулана езу тартты.

– Ә-ә, солай дей ме? Титімдей боп, қарашы. Өзі де сүйкімді ғана екен. Мейілің, асырай ғой.

Жүзі бал-бұл жанған қыз шешесіне еркелей асылды.

– Болар енді. Менің асханада жұмысым қалды. Жүр. Күшігіңе сүт құйып берейін.

Сүт құйылған консерв қалбырын күшіктің алдына қойып еді, ол жолай қоймады.

– Ал іше ғой, күшігім, – деді Гүлмінез, оның басын қалбырға сұғып. – Сен ұнататын сүт қой бұл.

Күшік қырыса кейін шегінді. Езуіне жұққан сұйықты тілінің ұшы-мен жалап жатыр. Дәмін ұнатса керек, баяғы кірпияздығы жайына қалып, ыдысқа ашқарақтана қайта ұмтылды.

Біраздан кейін шешесі кірді. Тымпиып тойып алған күшік қыздың жеңінен тартқылап, құйрығын бұлғаңдатады. Шәу-шәу үріп қояды. Гүлмінез – мәз. Шешесі оны сөйлетуге құмартып:

– Не дейді, мына шіркінің? Түсіндіріп берші, – деп еді. Гүлмінез:

– «Ваф-ваф! Сен жақсы қыз екенсің. Анаң да тамаша адам. Ваф-ваф! Екеуміз дос боламыз. Жалықтырмаймын сені. Жүр, бірге онай-мыз», – деп ойынға шақырады.

– Жәндіктің қамқоры бола білген кішкентай жүрегіңнен айнала-йын. Шүлдір-шүлдір еткен тіліңнен айналайын, сенің, – деп, том-пақ бетінен шөпілдете сүйіді. – Досынды ренжітпе, бара ғой.

Гүлмінез шешесінің құшағынан босана сала:

– Күшігім, күшігім, жүр мұнда. – деп, өзінің ойнайтын бөлме-сіне жүгірді. Күшік те соңынан арсалаңдай ілесті.

ҚҰШТАРЛЫҚ

Аласа кереуетте балбырап ұйықтап жатқан Гүлмінез бір селк етті де, көзін кенеттен ашты. Кірпігін жыпылық-жыпылық еткізіп, ала көбең бөлме ішін тандана сүзіп шықты. Есінеген күйі ақ жайма көрпесін серпіп тастап, орнынан жылдам көтерілді. Үстіне раушан гүлді көйлегін, көгілдір свитрін киіп, шашы жалбыраған күйі есікке ұмтылды. Ауызғы үйде, терезе алдында отырған атасын көріп барып, көңілі жайланды. Ерекше бауыр басқан адамы әрқашан да осылай жанынан табылып отырса қандай рақат. Ал Гүлмінез үшін атасы бір бөлек жан емес пе. Атасымен бірге болса, бар нәрсеге қанығады. Көкейінде жүрген сауалдарына жауап алады. Ертегілер, қызғылықты әңгімелерге қарық болады. Тіпті, атасы екеуінің өз-ара сөздері, ойындары да жарасымды.

Жарқ етіп кіріп келген немересін көріп, қарттың күрен жүзі күн ашылғандай шырайланды. Мейірлене жымиғанда, жанары – қою қас-тың арасынан жалт-жұлт сығылады. Гүлмінез де жүзі гүлдей жайнап, екі қолын құс қанатындай жайып, атасына ұшты. Қария әлеуетті қол-дарымен оны көтеріп алып, құшағына қысып, жұпар шашын иіскеді. Гүлмінез басын атасының кеудесіне қойып, елтігендей көзін жұмды. Құлағына дүрсілдеген дыбыс естілді:

– Ата, – деді кенеттен.

– Әу?

– Сіздің жүрегіңіз сағаттың жүрісіндей соғады екен.

– Дұрыс айтасың, қызым. Бұл кәрі жүрек талай уақытты санап тас-тады ғой. Сондықтан да біз, қарияларды – «уақыттың шежіресі» дейді.

– Уақыттың шежіресі деген не, ата?

– Ол ма. Бұрынғы өткен өмірді, тарихты көкірегіне түйіп, кейін-гілерге білікті етіп айта білген адамдарды солай дейді.

Гүлмінездің жүрегінің дүрсілі, өз жайын қайта есіне салды. Ол:

– Ал енді мені тыңдаңызшы, ата. Қалай соғады екен? – деді.

– Кәне? – Ол немересінің құртымдай көкірегіне жарғақ құлағын тосты.

– Ой-о-ой! «Дік-дік-дік...» Жаңа туған құлыншақтың шабысындай. Алып-ұшып тулайды ма – әй?!

– Дәл таптыңыз, ата. Ол құлыншақ неге асығулы, білесіз бе?

– Неге?

– Кеше, кешқұрым әдемі шана әкелген едіңіз ғой. Сол шана-мен тезірек ойнағысы келеді екен оның. Жүріңіз, ата. Сырғанақ тебеміз.

Қария жымия түсіп, ойланып қалды. Кеше жұмысы болып, қыстауынан тура аудан орталығына тартқан. Қайтарда – ауылға, баласының үйіне соғатын болған соң, сүйікті немересін қуантқысы келді. Дүкендерін аралап жүріп, шана сатып алып еді. Гүлмінездің айтып отырғаны сол. Әрине, көз

алдында ойнағанға не жетсін. Бірақ, ойынның да мезеті бар. Ал тыста – адам денесін түршіктірер ертеңгілік ызғар әлі тараған жоқ.

– Айналып кетейін, аппағым менің. Шананы саған әкелмегенде, кімге әкелдім. Әлі онымен талай ойнарсың... Ал, қазірше, – ол сұқ саусағымен терезе жақты мегзеді. – Көрдің бе? Таң енді бозарып ке-леді. Дала суық. Құр босқа тоңып қаласың. Одан да, қорада мал жайғастырып жүрген папан мен маманды күтейік. Бірге тамақтана-мыз, кейін ойнаймыз. Тойған қозыдай рақаттанып ойнаймыз.

Гүлмінез басын бір иығына қисайтып, өтінгендей түр көрсетті.

– Тамаққа зауқым жоқ, ата.

Қария қырау қаймыжықтаған терезенің бетін ысқылап сүртіп:

– Қарай қойшы өзің, – деді. – Сөзге түсінесің ғой. Далада бейсәубет жүрген біреу бар ма? Тіпті қыбырлаған нәрсе көрмейсің.

Гүлмінез әйнек көзіне үнілді. Сыртта – мүлгіген қыстың бозамық күні. Қары сірескен үйлердің мұржаларынан шыққан түтін түнерген аспанға баяу сінуде. Әудем жерде, қоршау ішіндегі сидам ағаш-тардың бұтақтары ғана желмен тенселеді. Гүлмінез соны байқады ма, қулана:

– Кәне, ата. «Қыбырлаған нәрсе көрінбейді» дейсіз. Ана бұтақтар қимылдап тұр ғой, әне қараңызшы, – деді.

Қария немересінің байыптылығы мен тапқырлығына сүй-

сініп, мәз болды. Күлкісіне шашалып:

– Атаңды сөзден ұстадың, қызым. Өзіме де сол керек. «Қыбырла-ған жан көрінбейді» деудің орнына «нәрсе» дегенімді қарашы. Сөз қа-дірін білген ата-бабаларымыз, билік-ті қашан да жеңгенге берген. Де-генің орындалсын, қарағым.

Бара ғой. Жылы киімдердіңді киі-ніп шық – деді. Гүлмінез:

– Ала-қа-ай! – деген бойымен бөлмесіне қайта жүгірді.

Немересінің шаттанғанына, қарияның да көңілі тасыды.

– Иә-ә, – деп тамсанды ол. Құштарлыққа не жетсін. Та-лай ізгі армандар мен мұраттар, осындай жолы жіңішке ба-стаудан нәр алған. Ендеше қайнар тұманың көзін бөгемейін.

Біраздан соң, қария мен немересі – көшеге шана сүй-іретіп, томпаңдап кетіп бара жатты.

ҮЗІЛГЕН ГҮЛ

Жамал апай балаларға табиғат туралы, оның адамзат үшін маңы-зы жөнінде сабақ түсіндіріп болды да, сөзін былай түйіндеді:

– ...Сондықтан да, балалар, табиғатты көздің қарашығын-дай қорғау керек, аялай білу керек, түсіндіңдер ме?

Осы кезде алдыңғы партада отырған Марат:

– Апай, біздің ауыл да табиғат па? – деп сұрады.

– Иә, ауыл да – табиғат. Сонау көз ұшындағы көсіліп жатқан дала, жайқалып тұрған шөптер де, мына ұшып жүр-ген құстар, ормандар мен аңдар, теңіз-көлдер мен балы-

қтар – бәрі-бәрі табиғатқа жатады.

Жамал апайының сөзін бар зейінімен тыңдаған Гүлмінез есіне бір нәрсе түскендей қабағын кіржитті. Кенет мойнын алға созып, ұмсына қолын көтерді. Апайы оған назар аударды:

– Иә, не сұрамақшы едің, Гүлмінез?

– Жамал апай, бәйшешек те табиғатқа кіреді ме? – деді ол.

– Әлбетте, бәйшешектен бастап гүлдердің бәрі табиғаттың бөл-шегі...

Ал Гүлмінез болса ойланып қалды.

Ол сабақтан келе салысымен, асханадан пышақ пен шыны ыдыс алып, үй сыртындағы жасыл қыратқа шығып кетті.

Біраздан кейін, жүзі гүл-гүл жайнап қайтып оралды. Қолындағы шыны ыдысқа қырдың ақ гүлдерін толтырып жинаған еді. Оларды бақша ішіндегі гүл егетін алаңға апарып, шұқырша қазып, отырғыза бастады.

Осы кезде үйден шешесі шықты. Ол жұмысынан түстікке келген болатын. Сол бойы Гүлмінезді іздеп таба алмаған. Оны бақша ішінен көрді де, жанына келді:

– Апыр-ай, сені іздемеген жерім қалмады! Сумқаң үйде тұр да, өзің жоқсың. Қайда жүрдің осы уақытқа дейін, құлыным-ау, не істеп жатырсың?!

Қызы оған көңілді жауап берді:

– Қарашы, анашым. Мына әдемі бәйшешектерді адырдан қазып алдым. Біздің Жамал апай айтты: «Табиғатты қорғау керек» деп.

– Сен оларды қорғаудың орнына, өсіп тұрған жерінен үзіп әкелдің ғой... .

– Иә, міне қарасайшы, тамырлары бар. Қайтадан отырғызып жатырмын. Мен бұларға су құйып, күтетін болам. Әйтпесе, далада оларға ешкім қарамайды. Сосын ғой, жазға жетпей құрап қалады.

Шешесі мырс етіп күліп жіберді де, іле салмақты күйге ауысып:

– Сен дұрыс жасамадың, Гүлмінез, – деді. – Табиғатта не нәрсе-нің болсын өз орны, өз заңдылығы бар. Бұлар – бәй-шешектер, көк-темнің хабаршысы. Ерте гүлдейтіні де содан. Бұлар құрағанмен, орнын басқа гүлдер басады. Сонысымен де қымбат. Мына гүлдер қай жерде гүлдесе, сол жерде ұрық шашып, ендігі жылы тағы өніп шығар еді. Ал, сен, оларды бұл гүлзарға білместікпен зорлап әкелдің. Егер Жамал апайыңнан «табиғатты қалай қорғаймыз?» деп сұрап алғаныңда, бұл іс болмас еді.

Гүлмінездің жүзі қызарып, төмен қарады. Шешесі қызының шашы-нан сипап:

– Бұларды енді осы орнынан қозғамай-ақ қой. Екінші рет қателік жасамауға тырысаың. Жүр үйге, тамақ суып қалады, – деді.

Ол ілбіп басып, шешесінің соңынан ерді. Сөйтсе де оның сана-сында «табиғатты қалай қорғаймыз?» деген сырлы сауал жаңғырықтай тағы қайталанды. Осыны келесі сабақта апайынан сұрап алуға бекінді.



ӘСЕР

Жамал апай шәкірттерін ерекше көзқараспен барлап өтті.

– Үйге берілген тапсырма не еді? Кім айтады?

Үшінші қатардағы екінші партадан Әсиягүл мен Қамаш жары-са ұшып тұрды.

– Абай Құнанбаевтың «Қыс» өлеңін жаттап келу, – деді қағілез Әсиягүл.

Жамал апай сынып ішін асықпай қайта сүзіп шықты. Жәудір көз-дерден ынтазарлыққа толы төзімділікті аңғарды.

– Ал, кәне, кім дайын? – деді ол сабырлы қалпын өзгертпестен.

Балалар шулап қоя берді: «Мен айтайыншы! Мені шығарыңызшы, апай!»

– Жарайсындар! – деді Жамал апай масаттанып. – Қуаныш-тымын. Сонда да тәртіпке келейік, балалар, тынышта-лындар! Сендерді журналдағы тізіммен шақырайын. Сөйтсек, әділ болады, жарай ма?

Ұстаздарының сырын білетін шәкірттер құйын желпіп өткен құрақ-тай қайта тына қалды.

Аты-жөні аталғандар тақтаға шығып, кезек алмасуда. Қайсы-сы болсын өлеңді асықпай, салмақты дауыспен айтуға тырысады:

Ақ киімді, денелі ақ сақалды,

Соқыр мылқау танымас тірі жанды.

Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,

Басқан жері сықырлап келіп қалды...

Өлеңді іштей жарыса қайталап, аузы жыбырлап Гүлмінез де отыр. Ол терезе алдындағы партада еді. Аузы бүріліп-жазылып, көзін кірбитіп, басын терезе жаққа бұрған күйі, өзімен-өзі боп кеткенін сезген жоқ. Кенет құлағы әйнектің сықырына елең етті.

Сыртта қарлы боран ұйытқып тұр. Көшенің арғы басындағы үйлер бұлдырап көрінеді. Өлеңнің мазмұны мен сырттағы көрініс сай келгендей. Гүлмінездің әсершіл көңілі елегізіп, көз алдына әлденелер елестеді.

Терезені біреу ұрып тұрған сияқты, әйнек «тырс-тырс» етеді. Анық-тап қараса, ар жақтан қорқынышты бір бейне

сығалайды. Апандай ау-зын ашып, қарлы үскірігін боратады дейсің: «У-у-у-у!».

Гүлмінездің жүрегі кеудесіне сыймай, лүп-лүп соқты. Мөлдіреген бота көздері үрейге толы, денесін суық ызғар қарығандай тітіркенді.

Әлгі құбыжықтың бұрқыраған демі көрінбес қорғанға соғылып, одан бетер өрши түскендей. Әне, енді ол долдана аласұрып, айда-лаға лағып барады. Ол сол бойы дабылдамастан, қыр астында қой жайып жүрген кісіге барып тиісті. Нөкер-бұрқасындарын соңына ертіп, құйындатқан күйі, әлгі адамды шыр айналуда. Қарды ұйытқыта шашып, оны атматымен көміп тастамақшы. Кісі де сеңсең тонына орана түсіп, оңайлықпен берілер емес. Қолындағы өрім қамшыны оңды-солды сілтеп, қаскүнем бәлемен қасарыса алысуда.

Мәссаған! Кісі дегені – өз атасы. Гүлмінездің тұла бойы түршігіп кетті. Тамағына бір нәрсе кептеліп қалғандай, тынысы тарылды. Жанары ылғалданып, бұлдырап барады.

...Борандай бұрқ-сарқ етіп долданғанда,

...ақ орда үй шайқалды...

Үздік-создық естілген өлең сөздері оның үрейін тіптен өршітті.

...Шидем мен тон қабат киген малшы,

Бет қарауға шыдамай теріс айналды...

Кенет атасы ат үстінен аударылып түскендей болды. Гүлмінездің көз алды бұлдырап кетті. Бар даусымен шынғырып жібергенін өзі де сезбей қалды...

Көзін ашса, бүкіл сынып қоршап алыпты. Жамал апайы да бәйек болып жүр.

– Саған не болды, Гүлмінез? Басыңды көтерші. Бір жерін ауыра ма? – деп, жаны қалмай құрақ ұшуда.

– Жәй өзім... Атамды ойлап... – деді ол өксігін баса алмай. – Кешегі қарлы боранда қойларымен ығып кетіпті. Түні бойы ай далада, қарлы боранның астында қалып, іздеушілер зорға тауып алыпты. Қазір ауруханада жатыр...

– Ым-м, солай ма еді. Қой, қамықпа, Гүлмінез. Дәрігерлерді мен білемін. Атаңды тез арада сауықтырып шығарады. Көресің әлі... Осы көктем шықсыншы. «Атамды сағындым» деп, жайлауға тағы қашарсың. Гүлмінез жымың етті.

Оқу жылының басында, шопандарға су таситын Қайыржан көкесінің машинасымен қойлы ауылға тартып отырған. Сол күні ол сабағынан да қалып еді...

– Егер көңіл қошың болмаса, кітаптарыңды жиыстырып, үйі-не қайта ғой.

Гүлмінез басын шайқады:

– Жоқ, мен «Қысты» айтам.

– Өте жақсы. Онда біраздан кейін өзіңе келгенде шығарамын. Жа-рай ма?

Ол басын изеді. Сабақ әрі жалғасты. Өзінің кезегі келгенше, тере-зеге қарамауға тырысты. Аты-жөні аталғанда, орнынан тұрып, тақтаға беттеді. Өлеңді айтуға оқталып, тамағын кенеді де, тұрып қалды.

– Жамал апай, – деді кенет даусы өзгеріп. – «Қыстың» ор-

ны-на Абай атамның «Жазғытұрын» айтайыншы.

Жамал апай жымыды. Түсінді, әрине.

– Жарайсың, Гүлмінез. Алдағы тапсырмаға күні бұрын дайын-далған көрінесің. Сол үшін «Жазғытұрын» айтуға рұқсат берем.

Гүлмінездің жүзі жайнап кетті. Өлеңді мәнерлеп, шабыттана оқыды:

«Жазғытұры қалмайды қыстың сызы,

Масатыдай құлпырар жердің жүзі.

Жан-жануар, адамзат анталаса,

Ата-анадай елжірер күннің көзі.

Түйе боздап, қой қоздап қорада шу,

Көбелек пен құстар да сайда ду-ду.

Гүл мен ағаш майысып қарағанда,

Сыбдыр қағып бұраңдап ағады су.»

Оның көңілінде қырмызы гүлді жасыл жайлау суреті көлбеп тұра қалды. Құлан таза сауыққан атасы көк жонның үстінде, ақ боз атты жетегіне алып, мұны күтіп тұр екен дейді...

ЖАЙЛАУ ТАҢЫ ЖЫР ТӨГЕР

Гүлмінезді мамырдың саумал желі оятты. Көрпесі ашылып кеткен. Киіз үйдің іргесінен уілдеп тұр екен. Сырттан қой мен қозылардың жамырай маңыраған, атасының қой қайырған даусы естілді. Боз-торғайдың мың құбылған үні

тіпті әсерлі.

Денесі сергіп қалыпты. Салмақсыз шардай, орнынан жеңіл тұрды. Киіз үйдің қос жармалы есігін айқара ашып, сыртқа елегізген күймен шықты.

Күткеніндей-ақ алдынан керемет көрініс ақ жарылып қоя берді. Төңірегі бел-белес жасыл әлем. Оларды көкпенбек, кіршіксіз аспан күмбезі бауырына алыпты. Сонау, көлбей сұлаған жотаны қиялап қой-лар өріп барады. Енелерінің соңындағы жас төлдер – бейні ақ мар-жандай көз қуантады. Ал сай табанындағы құла биенің мүсінді құлынын, қозы – маржандармен салыстырғанда, ақ жұмыртқа дерсің.

Өркештенген көкжиектен жалт етіп көрінген алау-от Гүлмінезді айрықша баурап алды. Күн бейне бір сахнаға көтерілген табиғат оркестрінің дерижеріне ұқсайды. Айнала-төңірек кенеттен құлпырып, көңілді, салтанатты ырғаққа толып кеткендей. Оның алтын сәуле-таяқшасынан тараған нұр – қыздың жан қалтарысын себездеп қана қытықтап өтті. Бойындағы болмашы ғана діріл бүкіл денесіне тарады. Күлімсіреген күйі сезімге бөленіп, отты дирижер – күнге қарап көзі ұялды. Жанары мөлтілдеген шаттыққа кенелді.

– Шырағым-ау! Ерте тұрғансың ба? – деген дауыс оның ойын ке-неттен бөліп жіберді. Гүлмінез жалт бұрылса, жанында әжесі тұр. Оның әжімді, момақан жүзі өте сүйкімді көрінді. Бұрынғы бұйығы, қара-пайымдылығынан түйір дақ қалмағандай.

– Әже, – деді ол, әжесінің тарамыстай қолын алақанымен

айма-лай сипап. – Жайлау таңы қандай әсем. Неткен ғажайып күй ырғақ-тарына толы...

Оның танауына жаңа сауған сүттің иісі келді. Әжесінің бал тамған саусақтарына сіңген сүт қой бұл. Ол осы қамқор саусақтарды сығым-дай ұстап, жүзіне жақындатты.

– Иә, жаным, – деді әжесі. – Жайлау таңын көрген де арманда, көрмеген де арманда. Бар берекенің басы осы сылқым таңмен еріп келеді. Ерте тұрып әдеттенген адамға ырысын үйіп береді. Сен де сондай сергек жандардың бірінен бол, қарағым, – деп шешілді.

– Айтқаныңыз келсін! – деді Гүлмінез ересек адамдарша. Артынша:

– Ой, әже, – деді ойына бір нәрсе түскендей ырши секіріп. – Менің қағаз-қаламдарым қайда? – деп жүгірген күйі үйге сүңгіп кетті. Үйге қалай кірсе, солай жылдам шықты. Қолтығына қағазын, уысына қаламдарын қысқан күйі, үй артындағы биік дөңге тұра жүгірді. Мөлдіреген шық тамшыларын да елемей, көк шалғынға апыл-ғұпыл тізе бүкті. Содан, алаулаған күнге бетін бұрып, тапжылмастан көп отырды.

Қария қойларын өргізіп жіберіп, сәресісін ішуге қайтып келген. Немересінің бос төсегін көріп:

– Гүлмінез қайда? – деп сұрап еді, кемпірі иегімен дән жақты нұс-қады. Қария үй сыртын көлегейлеген биік жонды тасадан шығып барып қарады. Немересінің қағазға шұқшиып отырғанын көріп, көңілі орнына түсті.

Бұл кезде кемпірі үй алдындағы ошаққа от жағып, түгін түтетті. Сүт пісіріп, шай қамдауға кірісті.

Үй ортасындағы жайдақ үстелге дастарқан жайып, шалы екеуі енді жайғаса бергенде, Гүлмінез де кіріп келді. Жүзі бал-бұл жанып, қария-лараға жайнаңдай қарады.

– Ата, әже! – деді, қунақ та ынтық үнмен. – Сүйікті немерелеріңіз алдарыңызға сый-сияпатымен келіп тұр. Ал, кәне, құлақ қойыңыздар! Төбелеріңізден жыр-шашу шашамын!

Ол қағаздағы маржандай тізілген жазуды әуезді сәби үнімен мың құбылта оқи жөнелді:

– Шуағыңмен

Әлемді

Аймалайсың, Алтын Күн,

Аралайсың бар елді,

Қалін біліп халқыңның.

Ел-жұрт сені көрмесе,

Сағынысып қалады.

Айтшы, Алтын Күн,

ендеше,

Қай жер саған бағалы?

– Орман, тоғай, күллі

жер —

Бәрі бірдей мен үшін.

Болсын деймін мұңсыз ел,

Көркейтемін өрісін.

Қажеттігің сезілсе,

Аралаудан шаршар кім?

Ал, балақай, өзің ше,

Айтшы не деп ән салдың?

– Неткен ғажап, тау елі,

Аймағың! – деп ән салдым.

Бәрінен де әдемі

Жайлауың! – деп ән салдым.

Ата-әжемсіз әдемі

Болар ме ең? – деп ән салдым.

Ата-әжемсіз

Бұл жерге

Жолар ма ем? – деп ән салдым.

– Жақсы бала – жарқыным,

Сендер үшін нұрланам.

Бар екен, – деп – ақылың,

Ырза болды Күн маған.

Қос қария қорғасындай балқып, ыдыс ернеуіндегі сұйықтай тынып қалыпты. Гүлмінез де өз даусының жаңғырығын тыңдағандай ұмсына түсіп, селт етпейді.

Бірінші болып әжесіне тіл бітті:

– О, ақынжанды жүрегіңнен айналайын, сенің!.. – деп келді де. – Тфә-тфә! Тіл-аузым —тасқа, – деп бітірді.

Сұңғыла атасы да қарап қалған жоқ.

– Ойы – нәр, тілі – бал немерем ғой менің. Талабың таудай бол-сын! Кәне, ақ мандайыңнан иіскейінші, – деп орнынан тұрып жатты...

ГҮЛМІНЕЗДІҢ КҮЛКІСІ

ҰРЫСЫП ЖАТЫР

Бірде екі жарым жасар Гүлмінезді анасы балабақшадан алып келе жатқан. Көше бойында бір кішкентай қанден ит оларға шәуілдеп үріп қоя берді. Күшіктің иесі орыс кемпір:

– Кейін қайт, тыныштал! – деп, жекіп қалып еді, Гүлмінез:

– Мама, ана қарашы, күшікті мамасы ұрысып жатыр, – деді қанден итті аяғандай болып.

СУДЫ ШАШЫП

Көше қиылысындағы асфальттың ойыс жерінде шалшық су жиылып қалған екен. Троллейбус соны кешіп өте беріп еді, дөңге-лектің екпінінен шалшық су жол ернеуіне шашырап кетті.

– Мама, ана машина суды шашып, жолды жуып жатыр, – деді өзінше түсіндіріп.

ҚОЙ ДЕГЕНДЕ...

Шешелері үй-ішінің әптер-тәптерін шығарған қыздарына кейіп:

– Эй, қой дегенде неге қоймайсындар! Өлтіресіндер ғой адам-ды! – деген.

Сонда Гүлмінез:

– Өлме. Өлсең, бізден көресің, – дегені.

ВАФЛИ

Шешелері:

– Вафли, вафли деп қоймап едіңдер. Енді қарамай қойдыңдар ғой, – деген. Сонда Гүлмінез:

– Қазір, мен қарап қоям, – деді.



ШАЙ ПІСІП...

Гүлмінез асханадағы тоқ шәйнектің бұрқылдап жатқанын көріп, анасына жүгіріп келді:

– Мама, мама, шай пісіп, шәйнек жөтеліп жатыр, – деді.

ОЙНАП ЖҮРІП

Гүлмінез жерге сүрініп құлаған еді, анасы:

– Абайла! – деді үрейленіп. Сонда Гүлмінез:

– Мен құлап болдым ғой. Абайла, – демей-ақ қойсайшы, – деді орнынан тұрып.

КІМ БОЯП БЕРГЕН?

Шолпан, Ұлжан әпкелері Гүлмінезге:

– Қолыңды кім бояп берген? – деп еді, Гүлмінез:

– Айгүл ғой, ертең бояп берген, – деді.

ЖАҢА ЖЫЛ ҚАРСАҢЫНДА

Жаңа жыл қарсаңында Гүлмінез:

Аяз ата келді,

Бізге сыйлық, берді, – деп, бақшадан жаттаған тақпағын айтты. Біз үш жасар қыздың тілін қызық көріп:

- Аяз ата қайдан келеді? – деп сұрағанбыз.
- Алатаудан келеді, – деді ол.
- Ал сыйлықты қайдан алады?
- Жұмыс істеп, ақшаға сатып алады, – деді сонда ол.

МАҢДАЙШАДАҒЫ ЖАЛАУ

Гүлмінезді бақшасына жетектеп алып келе жатыр едім, ол:

– Папа, ананы қарашы, Қазақстанның жалауы, – деді маңдай-шадағы желбіреген көк туды көрсетіп.

ДОКТОР БОЛСАМ...

Айжан атты көрші келіншектің анасына укол салғанын көрген Гүлмінез:

– Мама, мен дәу болғанда доктор болып, Айжан тәтеге укол сала-мын, – деді аянышын сездіріп.

АШЫЛҒАН КӨРПЕ

Көрпесінің бір шеті ашылып қалғанын байқаған Гүлмінез:

– Ой, аяғым жамылмай қалды ғой, – дегені.

ЭЛЕКТР ПЕШТИҢ ЖАРҚЫЛЫ

Тоққа қосулы тұрған электр пештің қызған сым темірі «шытыр-шы-тыр» етіп жарқылдап кетіп еді, соны байқап қалған Гүлмінез:

– Анау пешті қарашы, ұрысып жатыр, – дегені.

САҒАТ ӘЙНЕГІ

Қытай сағатын жерге түсіріп алып, әйнегі шығып кетіп еді, Гүл-мінез оны дереу ұясына салып:

– Сағаттың көзілдірігін кигізіп қойдым, мама, – деді айыбын түзеген сыңай танытып.

«МҰРНЫ ҰЗЫН МАШИНА»

Көше қиылысынан бұрыла берген автокранды көрсетіп:

– Апа, машинаның ұзын мұрнын қарашы, басқа машинаны соғып кетеді ғой, – деді үрейленіп.

ТІСІ ЖОҚ

Үш жарым жасар Гүлмінез көрші бөлмеден жүгіріп келгенде, анасы әлдиін емізіп отырған. Ол әлдиге еңкейіп:

– Әне, әпкенді көрдің бе? – деген. – «Әпке келді» деп айт-

шы.

Сонда Гүлмінез:

– Ол сөйлей алмайды, аузында тісі жоқ, – деді.

АРАША СҰРАҒАНДА

Гүлмінез әлдиін бетінен сүйгелі еңкейіп еді, әлдиі шашынан ұстай алды. Сонда Гүлмінез:

– Мама, мынаны қарашы, шашымды жыртпақшы, – деп араша сұрады.

БАҚША ІШІНДЕ

Бақша ішінде ойнап жүрген Гүлмінез көк құрақтың үстіне отыра беріп, қайта шоршып тұрды:

– Ой, шөптер «кіш» етіп қойыпты, – деді құраққа қонған шық там-шыларын көрсетіп.

СУРЕТТІ ҚАЙДА ТҮСТІҢДЕР?

Суреттердің біреуінен әке-шешесінің үйлену тойы дастарқаны үс-тінде бірге отырғанын көріп:

– Мама, бұл суретті қайда түстіндер? – деді.

– Үйлену тойымызда.

– Мені неге шақырмадыңдар? – деді сонда Гүлмінез.

ЖЕКЕМЕНШІК ТАРАҚАН

Дәлізде еден жиегінде жорғалап бара жатқан тарақанды көріп қа-лып:

– Ой, папа, біздің тарақанды қарашы, – деді қуанып.

Тұмауратқанда

Таңертең ұйқысынан тұрған Гүлмінез:

– Мама, мұрным естімей қалды, – деді, мұрны бітіп, тыныс алуы қиындап кеткенін сездіріп.

МЕКТЕПКЕ БАРСАМ

Конец ознакомительного фрагмента.

Текст предоставлен ООО «ЛитРес».

Прочитайте эту книгу целиком, [купив полную легальную версию](#) на ЛитРес.

Безопасно оплатить книгу можно банковской картой Visa, MasterCard, Maestro, со счета мобильного телефона, с платежного терминала, в салоне МТС или Связной, через PayPal, WebMoney, Яндекс.Деньги, QIWI Кошелек, бонусными картами или другим удобным Вам способом.